

Бекітемін:

Манашы бөбекжайы ЖБҚ МКҚК

Директоры м.а К.Көрпелиева

Көрпелиева "28.09.2023-ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс – әрекеттің Хореографиядан **ересек** топтардың перспективалық жоспары.

Хореография маманы: Аймағанбетова Г

Бейнеу селосы

2023-2024ж

Айы	Ұйымдастырылған Іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Хореография	Балалардың би өнерімен айналысқан ұлдар мен қыз балалар денесінің сымбаттылығымен музыкалық ырғақты ажырата білумен ерекшеленеді. Би гимнастикасы: Өзін –өзі жетілдіруге деген қызығушылығын арттырады. Балалардың би өнерімен айналысқан ұлдар мен қыз балалар денесінің сымбаттылығымен музыкалық ырғақты ажырата білумен ерекшеленеді. Би гимнастикасы: Өзін –өзі жетілдіруге деген қызығушылығын арттырады. Негізгі қимыл: 1. Балалардың сезіну, есту қабілетін дамыту. 2. Балаларды қимыл-қозғалыс апараттарының жүрек қан айналымын реттеп жақсарту. 3. Музыкамен қосыла буын-қимылдарын жасау Қазақ биінің элементтері.. Шеңбермен айналып секіріп келіп, қатарласа төрге тізерлеп, оң қабырғаға қарап отырады, қолдарын жоғары көтеріп, иықпен бейлейді. Оң қолды құлақ шекеге қойып, сол қолды солға қарай созып, иықпен билейді. (солға-1) (солға-2) (оңға-3) (солға-4) Енді оңға қарай жасайды. Сол қолды құлақ шекелеріне қойып, оң қолды оңға қарай созады, иықпен билейді. (солға-1) (солға-2) (оңға-3) (солға-4). Оң тізелерін көрермендерге қарай алға қойып, қолдарын айкастырады, бас мойын қимылдайды. Тізерлеп отырады, артқа қарай шалқайып, екі қолын екі жанына ашып, иық буындарымен қимылдайды (алға- 1 , артқа-2) (алға-3 артқа -4) Музыканың дыбысы бірте бірте көтеріліп, ауысак бастағанда аяқ ұштарын алға кезек кезек шығарып, жеңіл секіріп көрсетеді. «Бір, екі, үш, төрт» деп, алға, артқа адымдап, шеңберді кішірейтеді, үлкейтеді. Шеңбермен айналып келіп орындарына тұрады. Сол орнынан артқа қарай секіріп, бір қатарға жиналады.
Қазан		
Қараша		
Желтоқсан		

Қаңтар		
Ақпан		
Наурыз		
Сәуір		
Мамыр		Балалардың би өнерімен айналысқан ұлдар мен қыз балалар денесінің сымбаттылығымен музыкалық ырғақты ажырата білумен ерекшеленеді. Би гимнастикасы: Өзін –өзі жетілдіруге деген қызығушылығын арттырады. Негізгі қимыл: 1. Би позициялары адам денесі қимылының неғұрлым көркем, әсем жағдайларын іріктеп алу жолымен қалыптастыру. 2. Балаларды қимыл-қозғалыс апараттарының жүрек қан айналымын реттеп жақсарту. 3. Музыкамен қосыла буын-қимылдарын жасау Бас буынында ұлдар адымдап, буындарын былқылдата, залдың ортасына келіп тұрады. Қыздар залдың төрінде тұрып барлық қимылды бірге жасайды. Дене мүшелері алға қарап, тізелерін жартылай бүгіп, иық мойын, қол, бел, бөксе, аяқ буындарымен еркін былқылдата билеу. буын қимылдарын қайталайды. Әннің негізгі бөлімі. Негізгі буын элементтері. Оң аяқ сол жаққа айкастырып, екі қол төменге еңкейе түсіріп, кеуде мен иық қимылы көмегімен билеу. Оң аяқты артқа айкастырады дене мүшелімен бұрылып, қолдарына қолдарын оңға көтеріп, иықтарын қимылдата билеу. Сол аяқты тікесінен оңға айкастыра, аяқ ұшын, иығын, сол жанымен тұрып қимылдата билеу. Ұлдар шеңбермен адымдап, галоп қимылымен екі қататты, шынтақтары ашылып, қолдарын алдына тастап, тек иық көмегімен қыймылдата серпіле секіріп келіп өз орындарына отырады. Отыра қалып, «буын» қимылын белден жоғары оңға солға еңкейіп, еденге жартылай жатып билеу. Жұптар бір-біріне қарама – қарсы, алға арқа – арқа тұрып кезек – кезек иық буындарымен дене мүшелерін еркін қозғалта отырып, аяқ көмегімен алға еңкейе, арқа шалқая билейді. Жұптар оң қолдарын түйістіріп, сол қолдарын жоғары – төмен, аяқтарымен адымдай жүріп, оңға қарай айналып келіп тұрады. Күтілетін нәтиже: Жұптар оң аяғымен сол аяқтарын оң – солға айкастырып, қол білезіктерін майстыра билейді. Ұлдар тізе бүгіп отырады, оң қолдарын жоғары көтереді, сол қолдарын көкірегіне қояды. Қыздар оң аяқтарын артқа нық қоя айкастырып, қолдарын жоғары көтеріп, денелері мен бас мойынын артқа шалқайта «буын биін» көңілді әсерлі аяқтайды.

Бекітемін:

Манашы бөбекжайы ЖБҚ МКҚК

Директоры м.а К.Көрпеліева

“Көрпеліева” 28.09.2023ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс – әрекеттің Хореографиядан **ортанғы** топтардың перспективалық жоспары.

Хореография маманы: Аймағанбетова Г

Бейнеу селосы

2023-2024ж

Қыркүйек	Хореография	Балалардың би өнерінде баланың эстетикалық мәдениетін дамыту арқылы баланың бойына адамгершілік негіздерін калыптастыру, өз халқын төл рухани мәдениетінің қыр-сырын, салт-дәстүрін білген тұлға елінің патриоты ғана емес, өзге ұлттың да болмысын құрметтей білетін, ұлттық санасы биік, өркениеттің көшіне ілесер, жан-жақты жас ұрпақ тәрбиелеу.
Қазан		1. Би- бишінің дене қимылымен, бет-әлпетін әдемілейді және соған тәрбиелеу.
Қараша		2. Әңгімені би тілімен жүргізу үшін бишінің ерекше табиғи қасиетін дамыту.
Желтоқсан		3. Білімін арттыру. Негізгі қимыл: Жұптар кеі жактан бір –бірлеп шығып екі қатарға тұрад. Шығу барысында жұптар қол ұстаспай шығады. Әр жұптың ұл мен қыз, 1,2,3,4 санау бойынша сағат тілімен бірге төрт қадам жасап, өзара орындарын ауыстырады. 5,6,7,8 санауына орындарында тұрып серіппе қимылын жасайды. Бұл қимыл сағат тіліне қарсы қайталаңады. Орындарына келіп, аяқ пен қимыл жасайды –оң аяқ өкшемен алдыға қойылады, сол, -оң, сол, секіре орыңдалады. Бұл қимыл сол аяқпен басталып қайталаңады. Ұлдар бір тізерлеп, қолдарын белге қойып отырады. Ал қыздар өз жұптарының алдына айналады. Қыздар бір тізерлеп, қолдарын белге қойып отырады. Ал ұлдар өз жұптарының алдына айналады. Қыздар қолдарын кеуде тұсына айкастыра жеңіл секіре басып толық шеңбер жасайды. Ер балалармен қатарласа тұрып, өз жұптарымен қол ұстаса жүреді. Жұптар екі қатарға бөліне тұрады. Бір –біріне қарама- қарсы бағытта секіре айналады. Қыздар орындарына тұрып, қолдарын белдеріне қойып оңға, солға тербеле қимылдайды. Ер балалар алға адымдай шығып, «отырып, тұру» қимылдарын жасайды. Отырған қолдары белде, тұрғанда қолдарын екі жақа созады. Жұптар ебір қатар тұрады. Ер балалар тізерлеп отырады, қол шапалақтайды. Қыздар ер балаларды үш рет айналып секіреді. Күтілетін нәтиже: Жұптар оң аяғымен сол аяқтарын оң- солға айкастырып, қол білезіктерін майстыра билейді. Ұлдар тізе бүгіп отырады, оң қолдарын жоғары көтереді, сол қолдарын көкірегіне қояды. Қыздар оң аяқтарын артқа нық қоя айкастырып, Қолдарын жоғары көтеріп, денелері мен бас мойынын артқа шалқайта «буын биін» көңілді әсерлі аяқтайды.

Қаңтар	Балалардың би өнерінде баланың эстетикалық мәдениетін дамыту арқылы баланың бойына адамгершілік негіздерін қалыптастыру, өз халқын төл рухани мәдениетінің қыр-сырын, салт-дәстүрін білген тұлға елінің патриоты ғана емес, өзге ұлттың да болмысын құрметтей білетін, ұлттық санасы биік, өркениеттің көшіне ілесер, жан-жақты жас ұрпақ тәрбиелеу. 1. Би- бишінің дене қимылымен, бет-әлпетін әдемілейді және соған тәрбиелеу. 2. Өңгімені би тілімен жүргізу үшін бишінің ерекше табиғи қасиетін дамыту. 3. Білімін арттыру. Негізгі қимыл: Өуенмен кіріспесінде ер балалар қолдарын арқаларына айкастыра ұстап, нық басып шығады. Шенбер бойымен жүріп, қатарласа жүреді. Алға қарай бірнеше қадам жасап кері қарай жүреді. Алға қолдары екі жақа созылады, артқа шегінгенде қолдарын белдеріне қояды. Оң аяқ алға қойып тізе бүгіп, сол аяқтың ұшын сүйрете әкеліп, сол аяққа қою қолдарын сол нықтың тұсына апарып шапалақ қағады. Жұптар бірге оң аяқтар алға артқа қойып, қолдарын түйістіреді. Салмақты оң аяққа салып, қолдарын солдан оңға қарай және оңынан солға қарай бірте –бірте әкеледі. Күтілетін нәтиже: Қолдарын ұстасып көрермендерге қарап тұрады. Арақашықтығы жақын болуы керек, Қолдарын жоғары көтеріп, денелері мен бас мойынын артқа шалқайта «буын биін» көңілді әсерлі аяқтайды.
Ақпан	
Наурыз	
Сәуір	
Мамыр	